2024-2025 оқу жылы бастапқы диагностиканың нәтижелерін бақылау парағында жас кезеңі үлгілік бағдарламаға сай жүргізілген. Тәрбиеленушілердің контингент құрамы 54 болды. Барлық тәрбиеленушілерге мониторинг жүргізілді. Балалардың біліктерімен дағдыларының дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 46 %құрады.

2025-2026 оқу жылы бастапқы мониторинг нәтижелерін бақылау парағында жас кезеңі үлгілік бағдарламаға сай жүргізілген және балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 98% құрады. Тәрбиеленушілердің контингент құрамы 60 болды, барлық тәрбиеленушілермен мониторинг жүргізілді.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша қорытынды мониторинг

нәтижелеріне талдау жүргізілді. Қорытындысы төмендегідей:

Оқу жылы	Бала саны	Физикалық дағды	Коммуникативтік дағды	Танымдық және Зияткерлік дағды	Шығармашылық дағды	Әлеуметтік эмоционалды дағды	Қорытынды жоғары деңгей
2023-2024	58	53/91%	54/93%	50/86%	54/93%	56/97%	92%
2024-2025	54	53/98%	54/100%	54/100%	54/100%	54/100%	100%
2025-2026	64	57/89%	57/89%	57/89%	59/92%	59/92%	92%

2023-2024 оқу жылы қорытынды диагностиканың нәтижелерін бақылау парағында жас кезеңі үлгілік бағдарламаға сай жүргізілді. Балалардың біліктерімен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижелері бойынша жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 100% құрады.

2024-2025 оқу жылы қорытынды диагностиканың нәтижелерін бақылау парағында жас кезеңі үлгілік бағдарламаға сай жүргізілді. Балалардың біліктерімен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижелері бойынша жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 100% құрады.

2025-2026 оқу жылы қорытынды диагностиканың нәтижелерін бақылау парағында жас кезеңі үлгілік бағдарламаға сай жүргізілді. Балалардың біліктерімен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижелері бойынша жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 92% құрады.

- Жеке даму картасында бақылау нәтижелері (бастапқы, аралық, қорытынды) бойынша іс-шаралардың жүргізілуі;

2023–2024, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдары бойынша. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің **Жеке даму карталары** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізілді. Әр оқу жылында тәрбиеленушілердің даму деңгейін анықтау мақсатында бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг жүргізіліп, оның нәтижелері Жеке даму карталарында жүйелі түрде тіркелді. Мониторинг қорытындылары негізінде әрбір тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктері ескеріліп, түзету, дамыту және қолдау бағытындағы жеке жұмыстар жоспарланып, тиісті іс-шаралар ұйымдастырылды. Жеке даму карталарындағы бақылау нәтижелері бойынша педагогтер тәрбиеленушілердің жетістіктеріне талдау жүргізіп, әрі қарайғы тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған жұмыстарды жүзеге асырды. 2023–2024, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарында бастапқы, аралық және қорытынды бақылау нәтижелері бойынша жоспарланған іс-шаралар толық көлемде орындалды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау мақсатында барлық жас топтары бойынша жеке даму парақтары жүргізіліп, жүйелі түрде толтырылды.

2023–2024 оқу жылында:

- «Лучики» ортаңғы тобында – 24 бала;
- «Звездочки» ересек тобында – 20 бала;
- «Созвездие» мектепалды тобында – 22 бала;

Жалпы бағаланатын оқу жылы бойынша 66 тәрбиеленушінің жеке даму парағы рәсімделіп, олардың даму динамикасы жүйелі түрде бақылауға алынды.

2024–2025 оқу жылында:

- «Лучики» ортаңғы тобында – 19 бала;
- «Звездочки» ересек тобында – 21 бала;
- «Созвездие» мектепалды тобында – 14 бала Оқу жылы қорытындысы бойынша 54 тәрбиеленушіге жеке даму парағы жүргізілді.

2025–2026 оқу жылында:

- «Лучики» ортаңғы тобында – 25 бала;
 - «Звездочки» ересек тобында – 25 бала;
- «Созвездие» мектепалды тобында – 21 бала Бағаланатын оқу жылы бойынша барлығы 71 тәрбиеленушінің жеке даму парағы толтырылды. «Созвездие» мектепалды тобында 23 бала тізімде болғанмен Манцева Е.Ю. 09.06.2026ж, Хохлачева А.П 28.05.2026ж келуіне байланысты жеке даму карталары жазылмады.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингі «Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау индикаторына» сәйкес жүзеге асырылды. Бағалау нәтижелері әр баланың жеке даму парағына енгізіліп, талданды және педагогтердің оқу-тәрбие жұмысын жоспарлауында басшылыққа алынды.

Бағаланатын кезеңдер бойынша барлық жеке даму парақтары мен балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау индикаторлары жинақталып, электрондық форматқа көшіріліп (сканерленіп), ұйымның ресми интернет – ресурсына (<https://planetadetstva-bb.edu.kz/ru/>) орналастырылды. **(5 балл)**

- Оқу жылының басына қарай тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және оларды Үлгілік қағидаларға сәйкес қалыптастыру талаптарының сақталуы;

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

Оқужылы	Ортаңғы топтарға келген балалар саны	Оқу жылы басындағы балалар саны	Жыл ортасында кірген, шыққан бала саны	Оқу жылының соңындағы балалар саны	Мектепке кеткен балалар саны
2023-2024	24	65	8	58	18
2024-2025	19	54	0	54	14
2025-2026	21	62	8	64	21

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және топтарды қалыптастыру жұмыстары Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Әрбір оқу жылының басында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері ескеріліп, тиісті жас топтарына ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Топтарды жасақтау кезінде тәрбиеленушілердің туған жылы, жасы және мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейі негізге алынады.

Бағаланатын кезеңде тәрбиеленушілерді бір жас тобынан келесі жас тобына ауыстыру белгіленген талаптарға сәйкес уақтылы жүзеге асырылды. Топтарды қалыптастыру барысында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі қамтамасыз етіліп, кіші, ортаңғы, ересек және мектепалды топтары белгіленген тәртіппен жасақталды.

Тәрбиеленушілердің контингенті жыл сайын қайта қаралып, балалардың жас құрамына сәйкес:

- ортаңғы топтар;

- ересек топтар;
- мектепалды топтары қалыптастырылды.

Топтарды жинақтау кезінде әр топтағы тәрбиеленушілер саны қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес сақталды. Балаларды топтарға қабылдау және ауыстыру ұйым басшысының бұйрықтары негізінде рәсімделіп, тиісті құжаттармен расталды. Осылайша, бағаланатын оқу жылдары ішінде тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және топтарды қалыптастыру жұмыстары Үлгілік қағидалардың талаптарына толық сәйкес жүргізілді, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай қолайлы білім беру ортасы қамтамасыз етілді. 2023-2026 оқу жылы бойынша дәлелдеме ретінде 3 қосымша (сканерленіп), ұйымның ресми интернет – ресурсына (<https://planetadetstva-bb.edu.kz/ru/>) орналастырылды. **(5 балл)**

- *Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту.*

Балабақшада тәрбиеленушілердің ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді тарту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

Оқу жылының басында ата-аналармен жұмыс жоспары әзірленіп, бекітіледі. Жоспарға сәйкес жалпы ата-аналар жиналыстары, топтық жиналыстар, кеңестер, жеке консультациялар, мерекелік іс-шаралар, шығармашылық көрмелер, спорттық жарыстар және бірлескен тәрбиелік іс-шаралар өткізіледі.

Ата-аналар балабақша қызметінің негізгі бағыттары, оқу-тәрбие жұмысының мазмұны, күн тәртібі, қауіпсіздік талаптары және балалардың даму ерекшеліктері туралы тұрақты түрде ақпараттандырылып отырады. Ақпараттық жұмыстар ақпараттық стендтер, ата-аналар бұрыштары, мессенджер топтары және басқа да байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Өткізілген ата-аналар жиналыстарының хаттамалары белгіленген тәртіпке сәйкес рәсімделіп, сақталады. Хаттамаларда қаралған мәселелер, қабылданған шешімдер және қатысушылар туралы мәліметтер толық көрсетіледі. ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасында ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту жұмыстары жоспарлы түрде ұйымдастырылып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік талаптарына сәйкес жүзеге асырылуда. 2023-2026 оқу жылы бойынша дәлелдеме ретінде құжаттар (сканерленіп), ұйымның ресми интернет – ресурсына (<https://planetadetstva-bb.edu.kz/ru/>) орналастырылды. **(5 балл)**

6. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкестігі (бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары; Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасында жабдықтар мен жиһаздар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына» (бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары) сәйкес қамтамасыз етілген.

4 қосымшаға дәлел ретінде толтырылды.

Балабақша топ бөлмелері балалардың жас ерекшеліктеріне сай жиһаздармен (үстелдер, орындықтар, шкафтар, төсек-орын жабдықтары) жабдықталған. Жиһаздардың өлшемдері санитарлық-гигиеналық талаптарға және қауіпсіздік нормаларына сәйкес келеді.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін қажетті оқу-дидактикалық материалдар, ойыншықтар, көрнекі құралдар және дамыту жабдықтары жеткілікті көлемде қарастырылған. Музыкалық және спорттық залдар тиісті құралдармен (спорттық инвентарь, музыкалық аспаптар, техникалық құралдар) жабдықталған.

Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында барлық жиһаздар мен жабдықтар техникалық және санитарлық талаптарға сәйкес пайдаланылады.

Жабдықтардың жағдайы жүйелі түрде тексеріліп, қажет болған жағдайда жаңартылып немесе жөндеуден өткізіліп отырады.

Медициналық кабинет, асхана және ойын алаңдары да белгіленген нормаларға сәйкес қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасының материалдық-техникалық базасы Жарақтандыру нормаларының талаптарына толық сәйкес келеді және балалардың қауіпсіз әрі сапалы тәрбиеленуіне қолайлы жағдай жасайды.

ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасының 2023-2026 оқу жылдары бойынша сатып алынған материалдар туралы бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі ұсынылды және сканерленіп ресми интернет – ресурсына (<https://planetadetstva-bb.edu.kz/ru/>) орналастырылды. Орындалуы 96% **4 балл.**

- *«Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы (Ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесі, терроризм паспорты, хабардар ету жүйесі, дабыл түймесі, келісім шарттар).*

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасында қауіпсіздік шаралары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес ұйымдастырылған. Балабақша аумағы мен ғимараты ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйелерімен жабдықталған. Бейнебақылау камералары топ бөлмелерін, кіреберістерді, дәліздерді және сыртқы аумақты толық қамтиды. Жалпы бейне бақылау 10 оның сыртқы 3 және ішкі 7 бейнебақылау камералары бар. Бейнежазбалар белгіленген мерзімде сақталады және жауапты тұлғалар тарапынан тұрақты бақылауда болады. Объектінің терроризмге қарсы паспорты әзірленіп, уәкілетті органдармен келісілген тәртіпте рәсімделген. Паспортта объектінің сипаттамасы, қауіпсіздік шаралары, инженерлік-техникалық қорғау құралдары және қызметкерлердің әрекет ету алгоритмі көрсетілген. Хабардар ету жүйесі (дабыл беру, дыбыстық хабарлау құралдары) жұмыс жағдайында және төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Дабыл түймесі 2, «Жүйелік дауыстық ескерту» 3. Сонымен қатар, жедел байланыс үшін дабыл түймесі орнатылып, тиісті күзет қызметімен тікелей байланыс қамтамасыз етілген. Балабақша ғимаратының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында лицензияланған күзет ұйымымен келісімшарт жасалған. Күзет қызметі бекітілген режим бойынша нысанның тәулік бойы күзетілуін жүзеге асырады. Қызметкерлер мен тәрбиеленушілерге қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар тұрақты түрде жүргізіледі, төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет ету тәртібі түсіндіріліп

отырады. Қорытындылай келе, ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасында терроризмге қарсы қорғалу талаптары толық орындалып, бейнебақылау жүйесі мен қауіпсіздік инфрақұрылымы белгіленген нормативтік құқықтық актіге сәйкес қамтамасыз етілген.

7. Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстар

- *ҰОБ-ға сәйкес мектепалды даярлықты іске асыратын білім беру ұйымдары үшін «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы;*
- *Тәрбиелеу - білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қамтамасыз етілуі және пайдаланылуы (компьютер, ноутбук, планшет тізімі, интерактивті, панельді тақталар, Интернет желісіне қосылуы туралы ақпарат)*

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер: "Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығын басшылыққа ала ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасыда оқу-әдістемелік кешендер қатарында педагогтерге арналған оқу-әдістемелік кешендер жинағы 527 дана тізбесі бар.

Компьютерлер саны -5, оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар -3, оқу-үдерісіне пайдаланатын компьютерлер саны -2. Түрлі түсті принтер-2, жай принтер -3, Бес білім беру дағдылары бойынша көрнекі плакаттар саны 15 дана жинақталды.

1 интернет (нүкте) желісіне рұқсаттың болуы 1 бірлікте жылдамдығы 100

(Мгб) сымсыз кең жолақты интернетке кіру шлюзі 3 компьютер нүктесіне таралып қосылды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды жан – жақты дамыту оқыту мен тәрбиелеу мақтында ертегілер түрі бойынша 366 дана кітап бар. Бір балаға шаққанда 5 дана кітаптан келеді. 2023-2026 оқу жылдарының оқу -әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесі 5 қосымша негізінде жинақталып салынды және сканерленіп ресми интернет – ресурсына (<https://planetadetstva-bb.edu.kz/ru/>) орналастырылды.

Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету 5 баллмен бағаланды.

- *Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік*

дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы;

ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасында тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдары жарақтандыру нормаларының талаптарына сәйкес жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген.

4+ жас тобына арналған ойындар

Сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы

- «Дүкен»
- «Дәрігер»
- «Отбасы»
- «Шаштараз»
- «Асхана»

Шығармашылық орталық

- «Түстерді сәйкестендір»
- Саусақпен сурет салу
- Ермексазdan мүсіндеу
- «Ғажайып суретші»
- Аппликация жасау

Кітап және сөйлеуді дамыту бұрышы

- «Ертегіні жалғастыр»
- «Сурет бойынша әңгімеле»
- «Кім қалай дыбыстайды?»
- «Жұмбақ шешейік»
- «Сөзді тап»

Математика және логика орталығы

- «Сана және көрсет»
- «Артық затты тап»
- «Пішіндерді орналастыр»
- «Үлкен-кіші»
- «Түстерді топтастыр»

Зерттеу және тәжірибе жасау орталығы

- «Су мен құм»
- «Қалқиды ма, бата ма?»
- «Магниттің күші»
- «Тұқым өсіру»
- «Табиғатты бақылау»

Ұлттық тәрбие бұрышы

- «Асық ату»
- «Орамал тастамақ»
- «Қуыр-қуыр қуырмаш»
- «Бесік жыры»
- «Қолөнер бұйымдарын таны»

Құрылыс және конструкторлық ойындар аймағы

- «Үй құрастыр»
- «Мұнара тұрғыз»
- «Көпір сал»
- Лего құрастыру
- «Қала жасайық»

Тынығу және психологиялық жайлылық бұрышы

- «Көңіл күйді таңда»
- Тыныс алу жаттығулары
- «Мейірімді сөздер»
- Құм терапиясы
- Релаксациялық ойындар

5+ жас тобына арналған ойындар

Сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы

- «Мектеп»
- «Саяхат агенттігі»
- «Құтқарушылар»
- «Пошта»
- «Кітапхана»

Шығармашылық орталық

- «Ою-өрнек құрастыр»
- Коллаж жасау
- Табиғи материалдармен жұмыс
- Сәндік сурет салу
- Макет дайындау

Кітап және сөйлеуді дамыту бұрышы

- «Ертегі құрастыр»
- «Сөйлемді аяқта»
- «Суретші мен әңгімеші»
- «Дыбысты анықта»
- «Мақал-мәтел жалғастыр»

Математика және логика орталығы

- «Логикалық тізбек»
- «Сандар көршісі»
- «Лабиринт»
- «Салыстыр және дәлелде»
- «Геометриялық пішіндерден бейне құрастыр»

Зерттеу және тәжірибе жасау орталығы

- «Кемпірқосақ жасау»
- «Судың қасиеттері»
- «Ауа қайда жасырынған?»
- «Өсімдіктің өсуін бақылау»
- «Жарық пен көлеңке»

Ұлттық тәрбие бұрышы

- «Хан талапай»
- «Арқан тарту»
- «Тақия тастамақ»
- «Қазақтың ұлттық бұйымдарын таны»
- «Салт-дәстүр әлемі»

Құрылыс және конструкторлық ойындар аймағы

- «Болашақ қала»
- «Көлік құрастыру»
- «Ферма салу»
- «Көп қабатты үй»
- Конструктор бойынша модель жасау

Тынығу және психологиялық жайлылық бұрышы

- «Менің көңіл күйім»
- «Достық шеңбері»
- Медитациялық әуен тыңдау
- «Жылы сөздер»
- Психологиялық тренинг элементтері
- «Көңіл күйді бейнеле»
- «Менің жақсы қасиеттерім»
- «Досыма көмектесемін»
- «Жақсы тілек»
- Тыныс алу және босаңсу жаттығулары

Бұл бұрыш тәрбиеленушілердің эмоционалдық жағдайын реттеуге, өз сезімдерін тану және білдіруіне, құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнатуына, өзара көмек пен қолдау көрсетуіне жағдай жасайды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес топтарда пазлдар, мозайкалар, лото, домино, санау таяқшалары, геометриялық пішіндер, текшелер, конструкторлар, қуыршақтар, жұмсақ ойыншықтар, музыкалық аспаптар, шығармашылыққа арналған құралдар, табиғи және қалдық материалдар, кітаптар, ертегі кейіпкерлерінің бейнелері, дидактикалық карточкалар, сенсорлық және ұсақ моториканы дамытуға арналған құралдар қарастырылған.

ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасының өзін-өзі бағалау қорытындысы.

ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасының құжаттары «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына талаптарға сәйкес жинақталып ұсынылды. Осы анықтаманың қосымшасында көшірмелері салынды.

1.МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтардың көрсеткіші бүгінгі күнге 80% көрсетіп отыр. Біліктілікті жоғарлатудың перспективалық жоспарына сәйкес педагогтар аттестациядан өтті.

2.Бағалау кезеңіне балалардың тізімдік құрамы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметінің үлгілік ережелеріне сәйкес келеді. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар орындалған, жас кезеңдері сақталып, топтарды бірдей жастағы принцип бойынша жинақталған. ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасы бағалатын оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптары бойынша жүзеге асырылып, орындалғанын көрсетті.

3.ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасында 2023-2026 оқу жылында ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала болмады.

4.2023-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің тәрбие мен оқытудың мерзіміне жаңа талаптар бекітілді (№348 бұйрық, 03.08.2022ж :4 бөлім, 25 пункт): Жаңа оқу жылына жас кезеңдері бойынша топтарды құрғанда, балалардың жасы күнтізбелік жылда толық жасы ескерілді.

5.Балабақшада оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік

жалпыға міндетті стандартының» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына» барлық бақылау кезеңі болып саналатын оқу жылдарында барлық талаптар сақтала отырып жүргізілді. Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) Балабақшада тәрбиелеу мен оқыту үдерісін жоспарлау кезінде үлгілік бағдарламалық талаптар негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттары мен міндеттерге қол жеткізу жүйелі жүзеге асырылады. Үлгілік бағдарлама негізінде әр бір жас кезеңдеріне сай 2021жылдың 27 тамыз №1 педагогикалық кеңестің хаттамалық шешімімен бекітілген өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар құралған, сол мақсаттардың орындалуы циклограммаларда қарастырылған. Балалардың күні бойына әрекеті қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік дағдыларын қалыптастыру мақсатында күннің бірінші және екінші жартысында жеке жұмыстар жоспарланған, бұл балалардың өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді. Топтардың оқу қызметтері кестеге сай ұйымдастырылған. Оқу қызметін ұйымдастыруда «BilimLand» білім беру ресурсы кеңінен қолданылған.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар 2022-2026 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы 1-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сай оқу жүктемесі сақталған.

6.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтар мен жиһаздармен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде қамтылып отыр. Оқу әдістемелік кешендерінің болуы туралы мәліметтер 4-қосымшада көрсетіліп, дәлелдейтін құжаттары салынды.

7.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 20 мамырдағы №216 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы өзгерістері мен қосымшалары талаптарына сәйкес бөбекжайдың кітапхана қоры мен ақпараттық ресурстар деңгейі жеткілікті. Балалардың жасын және оқыту тілін ескере отырып оқытатын оқу-әдістемелік кешені толық.

8.Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері бар. Әдістемелік талаптарға сәйкес жоғары, орташа, төмен деңгеймен бағаланған, жылына 2 рет (Бастапқы және қорытынды) жүргізілді. Қорытынды мониторинг өткен соң әдіскер жалпы топтар бойынша білім беру салалары жиынтық есеп жасады, жыл соңындағы балалардың білім, білік дағдылары 95% көрсеткішті береді. Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің өсу динамикасы байқалады. Бағаланатын оқу жылдары бойынша мектеп алды топтарының балалары бойынша жеке даму парағы толтырылып ұсынылды. 2023-2026 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен стандарт талаптары толықтай орындалды.

ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақшасының өзін-өзі бағалау нәтижесі комиссия мүшелерімен 1-қосымшаға сәйкес жүргізіліп, комиссия мүшелерінің есептеу арқылы 30% көрсеткішпен «Жақсы» деп бағаланды.

ЖК. Шмулина Ю.М. "Планета детства" жеке балабақша» директоры:



Давыдова С.Н.